

ӘКЕ БОЛУҒА ДАЙЫН ЕКЕНІҢДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ?

Дәстүрлі түрде әйелдің ана болуға дайындығы қандай болса, ер адамның да әке болуға дайындығы сондай маңызды болуы керек. Мұны отбасылық жаңа тең құқылы формат талап етеді.



ӘКЕ БОЛУҒА ДАЙЫНДЫҒЫ ЖОҒАРЫ ЕР АДАМНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ 9 БЕЛГІ:

- 1** Ер адам болашақ баласын қуанышпен елестетіп, әке болуға асығып, ата-ана рөлін саналы түрде мойындайды.
- 2** Ер адам болашақ отбасын тек материалдық тұрғыдан қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар сүйікті әке болуға, баласымен сөйлесіп, оған қамқор болуға ниеттенеді.
- 3** Ер адам баласының қауіпсіздігі үшін жағдай жасағысы келеді. Ол үшін баласының өз-өзін бағалауы, сезімдері маңызды.
- 4** Ер адам үшін болашақ перзентінің анасымен жұптық қарым-қатынас орнатуы өте маңызды.
- 5** Ер адам жақсы тәрбие бере алатынына, ата-ана рөлін абыроймен атқаратынына сенімді болады.
- 6** Ер адам өзінің қателігін мойындап, өзіне сын көзбен қарайды.

- 7 Ер адам мәмілегер, баланың талабы мен қажеттілігін қанағаттандыруға дайын бола алады
- 8 Ер адам белсенді, мақсатшыл, өмір мен ондағы мәселеге шығармашылық көзқараспен қарайды, сенім орнатуды маңызды санайды.
- 9 Жасы үлкен адам әке болуға психологиялық тұрғыда дайын болады. Оның қарым-қатынастың демократизациясы мен тәрбие туралы түсінігі мол. Әке болудың артықшылықтары мен кемшін тұстарын көре алады.

Болашақ баласымен байланыс құрып, сүйікті әке бола алатынына алаңдайтындар үшін жақсы жаңалық: әкесі өмірінің алғашқы күнінен күтім жасаған нәрестелер ақыл-ой мен физикалық дамуда жоғары көрсеткішке ие болып, бауырмал, әкесіне жақын болып өседі.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӨНЕ
ОТАБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
СЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ
КОМИССИЯ

«Ерлерге арналған нұсқаулық. Саналы әке және күйеу болу» (М. Жасқайрат, М. Қабакова, Ю. Лысенкова, С. Тәңірбергенов, Г. Әбуова, Е. Исмаилов, Е. Мұстафин, Қ. Мақан — Нұр-Сұлтан, 2020) кітабы негізінде құрастырылды.

Создано на основе книги «Руководство для мужчин. Как быть осознанным отцом и мужем» (Жасқайрат М., Қабакова М., Лысенкова Ю., Танирбергенов С., Абуова Г., Исмаилов Е., Мустафин Е., Мақан К. — Нур-Султан, 2020).